21562685849

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 7 тамыз Іс 2713-24-00-2/1546 Орал каласы

Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья У.Е.Хайруллина сот отрысының хатшысы Б.Алимбаевтің отыруында ашық сот отырысында талап қою бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП КОЮШЫ:
«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Шыңғырлау ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Айткалиев» Айткалиев Санжар Оралбаевич жеке кәсіпкер

ТАЛАП КОЮШЫНЫҢ ЖАҒЫНДАҒЫ ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
«Шыңғырлау ауданы әкімдігінің білім басқармасының «Алмазин орта мектебі-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Шыңғырлау ауданы әкімдігі білім басқармасының «Тасмоли орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Шыңғырлау ауданы әкімдігінің білім басқармасының «Ақсуат орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Шыңғырлау ауданы әкімдігінің білім басқармасының «Амангелді орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Шыңғырлау ауданы әкімдігінің білім басқармасының «Жаңатұрмыс орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Шыңғырлау ауданы әкімдігі білім басқармасының «Сегізсай орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Шыңғырлау ауданы әкімдігінің білім басқармасының «Қуағаш орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасының Шыңғырлау аудандық білім бөлімінің «Ақтау ауылының негізгі орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Шыңғырлау аудандық білім бөлімінің «Негізгі орта білім беру мектебі – Ардақ ауылының бағы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Шыңғырлау ауданы әкімдігінің білім басқармасының «Қайынды орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік [illegible]

міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өңім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына (одан әрі-АК) сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 683-бабының 1-тармағына сәйкес өтелмелі қызмет көрсету шарты бойынша орындаушы тапсырысшының тапсырмасы бойынша қызмет көрсетуге (белгілі бір іс-әрекет жасауға немесе белгілі бір қызметті жүзеге асыруға) міндеттенеді, ал тапсырысшы бұл қызмет көрсетуге ақы төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 3.1-тармағына сай, орындаушы өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Шарттың 5-тармағына сәйкес өнім берушінің қызметтерді көрсетуі шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа 1-қосымшада көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады. Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте қызметті толық тапсыруы шартында Қызмет көрсетілді деп есептеледі.

Сотта, шарт жауапкермен толық тиісінше түрде орындалмағаны, шарт бұзылғаны анықталды.

Жауапкермен шартты бұзуы дауланбады және сотпен заңсыз деп танылмады, бұл жауапкердің шартты орындалмауын білдіреді.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалған.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сондықтан, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қанағаттандыруға жатады деп сот санайды.

АПК-ның 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою қанағаттандырылсын.

«Айткалиев» Айткалиев Санжар Оралбаевич жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Хайруллина У. Е., 14.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.09.2024, судья Хайруллина У. Е., 19.09.2024

СОТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР:
талап қоюшының өкілі К.Есенов
үнінші тұлға өкілдері А.Буранбаев, Р.Какимоллаев, Р.Тасбулатов, С.Кужамкулова, Е.Саркулов, Д.Оканов, У.Бахитова, Е.Валиев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 31 қаңтарда «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Шыңғырлау ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - талап қоюшы) және «Айткалиев» Айткалиев Санжар Оралбаевич жеке кәсіпкері (бұдан әрі - жауапкер) арасында №73 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі-шарт) жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес, жауапкер 5 200 000 теңгеге талап қоюшының Шыңғырлау ауданында орналасқан 10 мектепке сым желілері бойынша кең жолақты интернетке қол жеткізуді ұсынуға бағытталған қызметтер көрсетуді міндетіне алған, ал талап қоюшы көрсетілген қызметтерді қабылдауға және ақысын төлеуге міндеттенген.

Шарттың орындау мерзімі шарт күшіне енген күннен бастап 276 күн деп көрсетілген.

Шарт қазынашылық органда 2024 жылдың 2 ақпанында тіркелген.

2024 жылғы 22 шілдеде шарт тараптар арасында бұзылған.

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану талап қоюмен сотқа жүгінді, онда жауапкер шартта көзделген міндеттемесін толық тиісінше түрде орындамағанын атап көрсеткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түскен жоқ.

Сот отырысында талап қоюшы талап қоюды қолдап қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысына қатыспады, сот отырысының күні мен уақыты турасында тиісінше хабардар бола отыра, белгісіз себептермен келмеді және істі өзінің қатысуынсыз қарауды талап етпеді.

Сот, істі Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі-АПК) 196-бабына тараптардың қатысуынсыз қарауды мүмкін деп санайды.

Сот отырысында үшінші тұлға өкілдері жауапкермен интернет қосқанын, алайда үзіліспен жұмыс істегенін, кемшіліктерді жою туралы хабарламаларға, жауапкер жауап бермегені атап көрсетілді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңының (одан әрі-Заң) 12-бабы 4-бөлігінің 3-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз

Құжатқа қол қойылған: Хайруллина У. Е., 14.08.2024
Заңды күшіне енген күні: 17.09.2024, судья Хайруллина У. Е., 19.09.2024
2713-24-3-6/128

«Айткалиев» Айткалиев Санжар Оралбаевич жеке кәсіпкерінен (ЖСН 960101351736) мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты осы сот шешімі түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап, ал сот отырысына қатыспаған тұлғалар, оларға сот шешімінің көшірмесі жолданған күннен бастап бір айдың ішінде Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына берілуі мүмкін.

Судья **Хайруллина У.Е.**

Құжатқа қол қойылған: Хайруллина У. Е., 14.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 17.09.2024, судья Хайруллина У. Е., 19.09.2024